

## Алматыда халық арасында бауырдың созылмалы ауруларын диагностикалау мақсатымен зерттеу өткізілді

**Алматы, Қазақстан – 2018 жылғы 26 шілде** – Бүгін Алматыда Дүниежүзілік гепатитпен күрес күнінің қарсаңында бауырдың алкогольді емес майлануы ауруын (БАЕМА), метаболизмдік синдромды (көмірсутек-май алмасуының бұзылуын) диагностикалау және аурудың даму қаупінің факторларын анықтау мақсатында Алматы қаласы тұрғындарының арасында өткізілген зерттеудің нәтижелері жарияланған баспасөз шарасы өтті. ҚР ДСМ Зерттеу Санофи Қазақстан компаниясының демеуімен, ҚР ДСМ Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ және Бауырды зерттеу бойынша Қазақ Қауымдастығының (БЗҚҚ) бастамасымен жасалды.


Зерттеу екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде қатысушыларға БАЕМА және метаболизмдік синдром қаупінің факторларын анықтау мақсатында сауалнамаға қатысу ұсынылды. Одан кейін, екінші кезеңде тәуекел аймағындағы пациенттер қосымша зертханалық-құрал-саймандық тексеруге жіберілді.

Зерттеу нәтижелерін жоғары дәрежелі дәрігер, м.ғ.д., профессор, ҚР ДСМ «Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ» гастроэнтерология және гепатология кафедрасының меңгерушісі, БЗҚҚ төрағасы Александр Нерсесов ұсынды: *«Зерттеуге 450-ге жуық адам қатысты. Нәтижелерге сәйкес тексеруден өткен адамдардың 25,3%-да артық салмақ, семіру, күретамырлы қысымның көтерілуі және т.б. осы секілді 2 немесе одан көп қауіп факторы анықталды. Олардың ішінде көбінесе ер адамдарда кездесетін (55%-да) артық салмақ немесе семіру (43%-ға дейін) анағұрлым маңыздырақ болды. Оған қоса, зертханалық зерттеулер барысында май алмасудың бұзылуы (дислипидемия 84%-ға дейін), бауыр жасушаларында май қыртыстарының пайда болуы (81%-да стеатоз) және бауыр тіндерінің қалыңдап қатаюы (64%-да фиброз) жиі кездесті.»*

Сондай-ақ, профессор Нерсесов тәуекел тобында енжар тынығатын адамдар (30%) көп болғанын, ал қауіп факторлары анықталмаған топта орташа жүктемесі бар адамдар (жүру - 46%) болғанын атап өтті. Осы нәтижелер Алматы қ. халқының арасында бауырдың созылмалы ауруларының таралуы бойынша ағымдағы жағдайды бағалауға мүмкіндік беріп, скринингтің оңтайлы алгоритмін құруға және ауруды азайту бойынша тиімді шаралар қолдануға ықпал етті.

БАЕМА бауыр ауруларының ішіндегі ең кең таралғаны болып есептеледі, себебі ол әлем халқының - 20%-нан бастап 46%-на дейін, ал Қазақстандағы халықтың 40%-нан артығын қамтиды. БАЕМА негізінде дұрыс тамақтанбау және дене қозғалысының аздығы нәтижесінде зат алмасудың бұзылуы жатыр. Осыған байланысты салауатты өмір салты регрессияға ықпал етіп, аурудың бастапқы кезеңдерінде сауығып кетуге әкелетін емделудің негізі болып табылады.

*«Метаболизмдік синдром мен бауыр қайғылы жағдайға душар етеді, себебі артық салмақ пен семіздік БАЕМА дамуының ең негізгі факторларының бірі болып табылады. 1975 жылдан бастап 2016 жылға дейін бүкіл әлем бойынша семіруден зардап шегетін адамдардың саны үш еседен артық өсті. 2016 жылы жасы 18-ден асқан 1,9 миллиард*



*ересек халықта артық салмақ болды, ал олардың 650 миллионнан астамы семіздіктен зардап шеккен. Дене салмағын төмендету үшін өмір салтын өзгерту қажет: физикалық белсенділікті көбейтіп, тамақтануды түзету керек және психологиялық демеу жасау қажет», - дейді жоғары дәрежелі дәрігер, м.ғ.к., ҚР ДСМ «Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ» ШЖҚ РМК «Терапия» бөлімінің меңгерушісі Айгүл Раисова.*

Оған қоса, жоғары дәрежелі дәрігер, м.ғ.д., «Қазақстан артериялық гипертония және кардиоваскулярлық профилактика бойынша қауымдастығының» вице-президенті Мейрамгүл Тұндыбаева, Еуропалық кардиологтар қауымдастығының мүшесі бола отырып, бауыр мен жүрек денсаулығы арасындағы байланысқа баса назар аударды: *«Жүрек пен бауыр арасындағы байланыс БАЕМА кезінде тамырдың ерте тозуына әкеледі: бұл артериялық қысымның жоғарлауы, жүрек күретамырларындағы қысымның төмендеуі, осы миокард ишемиясына (жүрек бұлшықетін қанмен қамтамасыз етудің төмендеуіне), сонымен бірге гемодинамиканың (қанның тамырлар бойымен қозғалысының) өзгеруіне әкеледі. Бұдан басқа, жүрек пен бауыр арасындағы байланыс атеросклероздың және тромбоздың дамуынан білінуі мүмкін. Сондықтан да, салауатты өмір салтын ұстанып, салмақты қадағалап, дәрігерге уақытында бару өте маңызды».*

Сондай-ақ, шараға белгілі қазақстандық спортшы, пауэрлифтинг бойынша әлемнің, Азия мен Еуропаның екі дүркін чемпионы, бодибилдинг бойынша ҚР чемпионы Валихан Тен де қатысты. Спорт және тамақтану туралы «Другой ты!» кітабының авторы бола отырып, ол дұрыс тамақтанудың маңыздылығы мен ережелері туралы әңгімелеп, өзінің спорттағы жетістіктерімен бөлісті.

Шара аясында барлық қатысушыларға **InBody 770** соңғы буындағы кәсіби медициналық дене талдағышының көмегімен өз ағзасының жай-күйін тегін тексеруден өткізу ұсынылды. Бір процедуранан өткенде-ақ аспап ағзадағы май мен сұйықтық мөлшері, бұлшықет және сүйек салмағы, жасушаішілік және жасушадан тыс судың мөлшері туралы дәл көрсеткіштер және одан басқа көптеген маңызды ақпарат береді.

## **Санofi туралы**

Санofi – ғаламдық биофармацевтикалық компания, оның мақсаты – бүкіл әлемдегі адамдардың денсаулығына демеу беру.

Біз өзіміздің вакциналарымыздың көмегімен адамдарды жұқпалы аурулардан қорғауға ұмтыламыз, ал біздің дәрі-дәрмектеріміз көптеген аурулардың ағымын жеңілдетіп, сирек кездесетін және созылмалы ауруларға шалдыққан науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.

Sanofi компаниясының әлемнің 100 еліндегі 100 мыңнан астам қызметкері күн сайын ғылыми инновацияларды денсаулық сақтау саласындағы нақты шешімдерге айналдыру үшін жұмыс істейді.


Sanofi, Empowering Life\*

\*өмірлік күш береді

## **БАҚ арналған контактілер:**

Алима Рыскалиева

Санofi Орталық Азия Коммуникациялар жөніндегі маманы



E-mail: [alima.ryskaliyeva@sanofi.com](mailto:alima.ryskaliyeva@sanofi.com)

Олеся Нам

Клиенттермен жұмыс жөніндегі директор

SPN Communications агенттігі

E-mail: [o.nam@spncomms.com](mailto:o.nam@spncomms.com)

Тел.: +7 (727) 267 76 88, моб: +7 777 773 18 07